**ОРТАЛЫҚТЫҢ ОҢДЫ ІСТЕРІ**

5-БЕТ | ДЕНСАУЛЫҚ

**ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ӨЗІ – ОПЕРА**

6-БЕТ | ӨНЕРБАЯН

**ӘРАЛУАН ӘУЕНДЕР**

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Қазақстан шет елдерден тікелей инвестиция тарту бойынша Орталық Азияда көш бастап тұр. Биыл жетекші халықаралық рейтинг агенттіктері Қазақстанның қазіргі несие рейтингі инвестициялық сенімділік деңгейінде тұрғанын растады. Қыркүйекте Moody's агенттігі Қазақстанның ұзақмерзімді рейтингін «Тұрақты» болжамына көтерді. Бұл – Тәуелсіз Қазақстан тарихындағы ең үздік нәтиже.

№138
(4726)
Сейсенбі
19 қараша
2024 жыл

# ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

# АСТАНАНЫҢ АЛТЫНШЫ АУДАНЫ

Елорданың алтыншы ауданы биыл шілде айында құрылды. Астана қалалық мәслихаты 2024 жылғы 19 маусымда елордадағы жаңа ауданды Сарайшық деп атауды бекіткені мәлім. Астана қаласында жаңа аудан құру, аудандардың шекараларын белгілеу және өзгерту туралы Астана қаласы мәслихатының 2024 жылғы 23 мамырдағы № 181/22-VIII және Астана қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 23 мамырдағы № 01-1763 бірлескен шешімі мен қаулысына сәйкес, Сарайшық ауданы құрылып, оның шекаралары белгіленді. Жаңа ауданның шекарасы 6 953 гектарды құрайды.



**Қазақстан алғаш рет туризм саласындағы беделді сыйлық – Uzakrota Travel Awards сыйлығын алды.**

Бұл марапат Ыстамбұлдағы халықаралық саммитте тапсырылды. Туризм индустриясындағы 40 аталым бойынша үздіктердің есімі аталды. Жеңімпаздар сала сарапшылары мен қарапайым халықтың пікірі негізінде анықталған.



**«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ ресми хабарламасында айтылғандай, 2025 жылы зейнет жасы ерлер үшін де, әйелдер үшін де өзгермейді. Ерлер зейнетке 63 жаста, әйелдер 61 жаста шығады.**

2028 жылға дейін әйелдердің зейнет жасы осы деңгейде сақталады, содан кейін зейнетақы реформасы аясында біртіндеп көтеріле бастайды. Яғни, 2028 жылдың 1 қаңтарынан бастап – 61,5 жас; 2029 жылғы 1 қаңтардан бастап – 62 жас; 2030 жылдың 1 қаңтарынан бастап – 62,5 жас; 2031 жылдан бастап әйелдер үшін зейнет жасының ең жоғары деңгейі 63 жас болады.

2024 ЖЫЛҒЫ ЖЕЛТОҚСАНДА АПТАСЫНА БЕС КҮН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР 10 КҮН ДЕМАЛАДЫ. ЖЕЛТОҚСАНДА ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДА ҚОСЫМША ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ БОЛАДЫ. 14 ЖЕЛТОҚСАН, АЛТЫ КҮНДІК ЖҰМЫС АПТАСЫ ҮШІН ЖҰМЫС КҮНІ, АЛ БЕС КҮН ЖҰМЫС ІСТЕЙТІНДЕР ҮШІН ДЕМАЛЫС КҮНІ. 15 ЖӘНЕ 16 ЖЕЛТОҚСАН (ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІ) ДЕМАЛЫС КҮНДЕРІ. 30 ЖӘНЕ 31 ЖЕЛТОҚСАН – ЖҰМЫС КҮНДЕРІ.

## ЖЕТІ ШАҚЫРЫМҒА ЖҮГІРЕДІ

23 қарашада триатлон саябағында елордалық триатлон қауымдастығының 7 жылдығына арналған ASSORTI RUN атты жарыс өтеді.

Астаналықтар мен қала қонақтары 7 шақырымға жүгіреді. Сондай-ақ бұл жарыста күш сынасып қоймай, балалар спортын дамытуға үлес қоса аласыз. Яғни, акцияға қатысушылардан жиналған қаражат әлеуметтік ахуалы төмен отбасылардың балаларына спорттық киім, жабдық сатып алуға жұмсалады. Бұдан бөлек, жарысқа қатысушыларды естелік сыйлықтар да күтіп тұр.

**№138** (4726) 19/11/2024 Сейсенбі



# ОМАН ХАЛҚЫН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің және Қазақстан халқының атынан Хайсам бен Тариқ Әл Саид пен оның отандастарын Оман сұлтандығының төл мерекесі – Ұлттық күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы жеделхатында Оман Қазақстанның араб әлеміндегі сенімді серіктесі саналатынын айтты. Сонымен қатар екіжақты қарым-қатынас қос халықтың игілігі үшін дами беретініне сенім білдірді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Хайсам бен Тариқ Әл Саидтің аса жауапты қызметі мен барлық бастамасына табыс, ал Оман халқына құт-береке тіледі.

# МАМАНДЫҚТЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

Премьер-министр Олжас Бектенов колледж студенттері арасында салалық жұмысшы мамандықтарындағы құзыреттілік деңгейі бойынша WorldSkills Kazakhstan 2024 ұлттық чемпионаты өтіп жатқан алаңға барды.

Іс-шараның тұжырымдамасы ірі халықаралық компанияларда әлеуетті жұмысқа орналасуды қамтамасыз ету үшін оқыту сапасын, алынған дағдыларды тексеру мақсатында кәсіби-техникалық колледж студенттері мен кәсіпорындар арасындағы кооперацияға бағытталған.

Премьер-министр чемпионатқа қатысушылармен әңгімелесу барысында олардың алған білімдерінің сұранысқа ие екенін ерекше атап өтті.

«Президент жариялаған Жұмысшы мамандықтары жылы техникалық және кәсіптік білім берудің бүкіл еліміз үшін ерекше маңыздылығын көрсетеді. Үкімет алдына экономика құрылымын жаңғырту бойынша өршіл міндеттер қойылды. Ол үшін бізге энергетика, құрылысшы, ауыл шаруашылығы, көлік және су саласында білікті отандық мамандар қажет. Бұл ретте цифрлық трансформация мен технологиялық прогрестің сын-қатерлеріне дайын болу маңызды. Сондықтан біздің ортақ міндетіміз – қоғамның барлық ресурстарын біріктіру. Бұл бағытта біз жастарымызға және осындай іс-шараларға жан-жақты қолдау көрсететін боламыз» деп атап өткен Олжас Бектенов қызығушылық танытып, студенттердің өз дағдыларын көрсетуі үшін арнайы мамандандырылған аймақтар құрған компанияларға алғысын білдірді.

Сол жерде колледж басшылығымен кездесу өтіп, оның барысында білім беру сапасын арттыру мақсатында кадрлар даярлау бойынша өзекті мәселелер талқыланды. Биыл чемпионатқа Алматы құрылыс-техникалық колледжі, «Astana Polytechnic» жоғары колледжі, «Қазақмыс» корпорациясының политехникалық колледжі, Абай облысы білім басқармасының Радиотехника және байланыс колледжі, Халел Өзбекғалиев атындағы Маңғыстау жоғары политехникалық колледжі және басқа да оқу орындарының студенттері қатысады.

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2030 жылға дейін кадрларға жалпы қажеттілік 1,8 млн адамды құрайды, оның ішінде техникалық білімі бар 1 млн-ға жуық жұмысшы қажет. Құрылыс, ауыл шаруашылығы, өндеу өнеркәсібі салаларында үлкен сұраныс күтілуде. Биыл WorldSkills Kazakhstan ұлттық чемпионаты алаңдарында 555 қатысушы электроника, өнеркәсіптік автоматика, мехатроника, инженерлік графика, кондитерлік іс, электр монтаждау жұмыстары, дәнекерлеу технологиялары, веб-технологиялар және бизнеске арналған IT-шешімдер, сән технологиялары сияқты 30 құзыреттілік бойынша өз дағдыларын көрсетпек.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жұмысшы мамандықтары үшін кадр даярлау сапасын арттыруға ерекше көңіл бөлініп отыр. 2024 жылы бюджет есебінен колледждерге 142,5 мың студент қабылданды – бұл 2023 жылмен салыстырғанда 1,5 есеге көп. Дуальды білім беру жүйесі енгізіліп, оның шеңберінде 496 колледж және 7 мыңнан астам кәсіпорынмен 75 мың студентті даярлау бойынша келісімшарттар жасалды. 1 қыркүйектен бастап колледж студенттерінің шәкіртақысы өткен жылмен салыстырғанда 50%-ға артты. Сонымен қатар биылдың өзінде ТжКБ үшін 2 103 орынға арналған 8 жатақхана салу жобасы іске асырылуда.

Мемлекет басшысының Жұмысшы мамандықтары жылы бойынша қойған міндеттерін іске асыру шеңберінде өткен жарыста қатысушылармен әңгімелесу қорытындысы бойынша Премьер-министр Оқу-ағарту министріне Астана қаласының әкімдігімен бірлесіп ТжКБ студенттерін қолдау және дамыту үшін Ұлттық құзыреттер орталығын құруды тапсырды. Орталық бизнес үшін диалог алаңы және кадрларды даярлау жүйесі рөлін атқарады, сондай-ақ халықаралық кәсіби шеберлік конкурстарына қатысу үшін жаттығу базасына айналады.

# КЕЛЕЛІ МӘСЕЛЕЛЕР ТАЛҚЫЛАНҒАН КЕЗДЕСУ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Қостанай облысы мәслихатының депутаттарымен және жергілікті жұртшылықпен кездесті. Кездесуде Мемлекет басшысы берген тапсырмалардың облыста іске асырылу барысы және Сенаттың өңірлерді дамытуға ықпал ету бағытында мәслихаттармен бірлескен жұмысы туралы мәселелер талқыланды.

Сондай-ақ Палата Спикері машина жасауды дамытудың заңнамалық негіздері тақырыбына арналған дөңгелек үстелге қатысты және өңірдегі шойын құю, автомобиль зауыттары мен басқа да ірі кәсіпорындардың ұжымдарымен кездесті.

Мәулен Әшімбаев дөңгелек үстелге қатысушыларға ілтипат білдіре келіп, Мемлекет басшысы елімізде сапалы экономикалық өсімді қамтамасыз ету үшін маңызды міндеттер жүктегенін; ұзақ мерзімді қаржыландырудың болмауы, шикізаттың қымбаттығы, импортқа тәуелділік, өндіріске жаңа технологияларды енгізу сияқты мәселелер бар екенін; түйткілдерді оң шешу үшін алдымен барлық мүдделі тараптың күш-жігерін ортақ іске жұмылдыру қажеттігін атап өтті.

Мәулен Әшімбаев мәслихат депутаттарымен және өңір жұртшылығымен кездесу барысында Қостанай облысының өнеркәсіптік әлеуетіне назар аударып, Сенат депутаттары оны іске асыруға заңнамалық деңгейде қолдау көрсетуге дайын екенін жеткізді. Атап айтқанда, іс-шарада өнеркәсіптік, индустриялық өндірісті ұлғайтуға және аграрлық секторды дамытуға арналған жобаларды қолдау мәселесі кеңінен сөз болды.

# АСТЫҚ САТЫП АЛАДЫ

Үкімет шаруалардан астық сатып алуға 10 млрд теңге бөлмек. Бұл туралы Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров Мәжілістің кеңейтілген отырысында айтты.

– Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің форумында азық-түлік корпорациясы арқылы нарықта қолайлы бағаларды ұстап тұру үшін жеткілікті көлемде фермерлерден астық сатып алуды ұйымдастыруды тапсырған болатын. Бүгін сатып алу бағасы жарияланады. Үкімет резервінен осы мақсаттарға 10 млрд теңге бөлу жоспарланып отыр. Оның есебінен алғашқы 155 мыңға жуық (тоннаны) сатып алу көзделуде. Бұл мәселе бұдан әрі Үкімет отырысында қаралатын болады, – деді ведомство басшысы Айдарбек Сапаров.

Мемлекет басшысы Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің бірінші форумында Үкіметке шаруалардан астық сатып алуды тапсырған болатын.

# ҚАЙТҚАН ҚАРЖЫ ҚАЙДА ЖҰМСАЛАДЫ?

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Заңсыз иемденген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заң шеңберінде қайтарылған қаражат есебінен әлеуметтік нысандардың құрылысын қаржыландыру жалғасуда.

Үкімет Ақтөбе қаласында ерекше балаларға арналған арнайы балабақша салуға шамамен 7,8 млрд теңге бөлу туралы шешім қабылдады. Балабақшаның ашылуы 300 ерекше баланы тәрбиемен және түзету көмегімен қамтамасыз етеді. Мекеме мектеп жасына дейінгі балаларға жайлы болу, дамыту және оқыту үшін барлық қажетті заттармен жабдықталады. Бүгінгі таңда облыста ерекше білім беруді қажет ететін 3 жастан 6 жасқа дейінгі 2523-тен астам бала бар, олардың 1320-ы мектепке дейінгі біліммен қамтылған. Қазір облыс бойынша 4 арнайы түзету балабақшасы жұмыс істейді. Жобаны іске асыру қажетті инфрақұрылымды құруға және ерекше қажеттіліктері бар балаларды дамыту мен тәрбиелеуді қамтуды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Бұған дейін Ақмола облысының Зеренді ауылында спорт кешенін, Түркістан облысының Темірлан ауылында музыка мектебін, Арқалық қаласында дарынды спортшы балаларға арналған спорт кешенін, Астанада тірек-қимыл аппараты бұзылған балаларға арналған оңалту орталығын, Алматыда ерекше қажеттіліктері бар адамдарға арналған жаттығу орталығын салу жөніндегі жобаларды қаржыландыру туралы шешім қабылданған болатын.

# АСТАНАНЫҢ АЛТЫНШЫ АУДАНЫ

*(Соңы. Басы 1-бетте).*

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің және қалалық мәслихат депутаттарының келісімі бойынша 39 жастағы Мақсат Саматұлы Сарайшық ауданының әкімі болып тағайындалды. Бұған дейін ол Алматы ауданының әкімі қызметін атқарды. Еңбек жолын 2007 жылы Алматы қаласы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу департаментінің маманы қызметінен бастаған. 2022 жылдың тамыз айынан бері Алматы ауданының әкімі лауазымында жұмыс істеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында Сарайшық ауданы әкіміне аудан мен тұрғын алаптарды дамыту бойынша бірқатар міндет жүктелді.

Аумағы: Есіл өзенінен Арқар көпірі бойымен Сарайшық көшесімен Р.Қошқарбаев даңғылы бағытында жүп сандар жағымен магистральдық теміржолға дейін, магистральдық темір жол бойымен шығыс бағытта қала шекарасына дейін, қаланың шығыс шекарасымен оңтүстік бағытта Есіл өзеніне дейін, Есіл өзенімен Сарайшық көшесінің бойымен батыс бағытта Арқар көпіріне дейінгі жерді алып жатыр.

Алматы ауданын бұған дейін «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС басшысы қызметін атқарған Рустам Тәуекелов басқарады. Еңбек жолын Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінде бастаған. Әр жылдары «Балқантау KZ» ЖШС басшысы, «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС директорының орынбасары, «City Transportation Systems» ЖШС басқарма төрағасының орынбасары болып жұмыс істеген. 2022 жылдың қазан айынан бастап «Елорда құрылыс компаниясы» ЖШС басшысы қызметін атқарды.

# ҚАР ТАЗАЛАУ ТОЛАСТАМАЙДЫ

Астанада қар тазалау жұмыстары ауысыммен тәулік бойы жалғасуда. Коммуналдық қызметтер қар тазалығымен күшейтілген режимде жұмыс жүргізуде. Тек бір 16 қарашада кешкі ауысымда қаланы қардан тазартуға 900-ден астам арнайы техника, ал 250-ден астам жол жұмысшысы шығып, полигондарға 25 мың текше метрден астам қарды 2009 ауыр жүк көлігі тасыды. Ал қыс басталғалы полигондарға 26 мыңнан астам рейс, 342 мың текше метрден астам қар жеткізілді.

Ережеге сәйкес, ең алдымен, қалада кептеліс болмас үшін өте қарқынды қозғалыс учаскелері тазаланады. Сондай-ақ орташа қарқындылығы бар учаскелер-алаңдар, вокзал маңы аумақтары, тротуарлар, әлеуметтік нысандарға кірме жолдар және т.б. орындар қардан тазартылады.

Орталық көшелерде, жолаушылар көлігі маршруттарында, аялдамалар мен тротуарларда тазалау басымдыққа ие.

Елордада бірнеше жабдықталған қар полигоны жұмыс істейді. Олар самосвал техникасының нөмірлік белгілерін оқу жүйесімен жабдықталған, мұнда бейнебақылау камералары орнатылған, жарықтандыру қосылған.

# JOLTAP: ОНЛАЙН-САУДАҒА ҮЙРЕТТІ

Елордада JOLTAP әлеуметтік жобасы арқылы 200-ден астам адам онлайн-сауда негіздерін тегін оқып, онлайн дүкен ашып, оны дамыту жолдарын түсіндіреді. Алты күнге жалғасатын курс алдымен интернет-дүкенге қалай тіркелу қажет, салық тәртібі мен оның түрлерімен танысудан басталады.

JOLTAP әлеуметтік жобасы бойынша «Онлайн-сауда негіздері» курсының оқытушысы Әйгерім Омышева осы жылдың 30 қыркүйегінен бастап жоба қатысушыларына онлайн-сауда жасау бойынша курс өткізіп келді. Негізгі мамандығым – есеп және аудит. Банк саласында 10 жылдан астам жұмыс істеп, кейін өзім онлайн кәсіп бастадым. 2020 жылы тауарларымды Kaspi дүкені арқылы сата бастадым. Міне, осылайша онлайн-саудаға келдім дейді.

«Бұл курсқа елордалықтардың қызығушылығы байқалады. Әр лекте 10-15 адам жиналады. Әріптесім Абылай Қалиевпен бірге осы курс бойынша жоба қатысушыларын оқытып жатырмыз. Қазір 31-лек аяқталды.

Менің ойымша, JOLTAP жобасы ұсынатын курстардың өз дәрежесі бар. Қазір оқыту курстары көп қой, бірақ кейде сертификаттары жарамай жатады. Сондықтан бұл жоба беретін сертификат әрі қарай жұмыс табуға үлкен септігін тигізеді» дейді курс оқытушысы.

Айта кетейік, елордада JOLTAP жобасы бойынша 8 мыңға жуық азамат қысқа мерзімді оқудан өтті. Қалада «Баршаға мүмкіндік» модульдік пункттері жұмыс істейді. Онда тұрғындар 52 мемлекеттік қолдау шарасы, жұмысқа орналасу мүмкіндіктері, қысқа мерзімді оқуға жазылу бойынша кеңес ала алады.

# ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Amanat партиясының елордалық филиалының Қоғамдық қабылдауында тұрғындар жұмыспен қамту, ПИК пен МИБ тарифтерін реттеу мәселелерін, сондай-ақ қаламыздың өмірін жақсарту бойынша бірқатар ұсыныстарын жеткізді. Аталған мәселелерді жедел шешу үшін мемлекеттік органдар мен аудандық әкімдік өкілдерін арнайы қабылдауға шақырылды». Бұл туралы Amanat партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов әлеуметтік желідегі парақшасында жазды.

Оның айтуынша, алдағы уақытта Семей сынақ ядролық полигоны ардагерлері мен мүгедектері қоғамдық бірлестігіне жаңа кеңсені жөндеуге және жиһаз сатып алуға көмек көрсетіледі. Сонымен қатар, декреттік демалыстан кейін жұмыс таба алмаған елорда тұрғынына жұмыспен қамту мәселесінде қолдау көрсетілді. Бұдан бөлек, аула аумақтарын абаттандыруға қатысты бірнеше ұсыныс және «Kundelik.kz»-ке балама ретінде электрондық күнделік жасау туралы бастама тыңдалды.

# ҚАЛА ӘКІМДІГІ КӨМЕК КӨРСЕТЕДІ

Өткен жексенбіде төрт баланың өмірін қиған өрт болды. «Балалардың қаза болуына әкеп соққан өрт қауіпсіздігі талаптарының бұзылуына байланысты жеке екі қабатты тұрғын үйде болған өрт фактісі бойынша ТЖД анықтау бөлімі ҚР ҚК 292-бабы 3-бөлігі бойынша қылмыстық іс қозғады.

Шатыры жартылай опырылып, өрт болған жекеменшік екі қабатты үйде екі отбасы тұрған. Құрбан болған зардап шеккен отбасыға психологиялық көмек беріледі. Оларға материалдық, тұрғын үй және басқа да қажетті көмек көрсетіледі. Екінші отбасы уақытша баспанаға орналастырылды. Әкімдік қызметкерлері отбасыларымен тұрақты байланыста, барлық қажетті көмек көрсетіледі.

# ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІ БҰЗҒАНДАР ЖАЗАЛАНДЫ

Елордада вандализмге қарсы күрес және алдын алу бойынша белсенді жұмыс жүріп жатыр. Құқық қорғау органдары вандализмнің тағы екі жағдайын анықтап, тиісті шаралар қабылдады.

Таңғы сағат 04:00 шамасында 21 жастағы ер адам мас күйінде Д.Қонаев көшесіндегі мекемелердің бірінің терезесін сындырған. Ал 20 қазан күні 30 жастағы ер адам Абай даңғылында тәртіп бұзған. Бұл да ішімдікке қатысты болды. 11 қараша күні сағат 19:00 шамасында 42 жастағы ер адам Тұран даңғылындағы бөтен үйдің кіреберіс есігін бұзды. Үшеуі де бөтеннің мүлкін қасақана жойғаны немесе бүлдіргені үшін әкімшілік жауапкершілікке (ҚР ӘҚБтК 147-1-бабы) тартылды. Залал 200 АЕК немесе 690 мың теңге сомасынан аспайды.

Жалпы жыл басынан бері Астанада еріктілер, белсенділер, белгілі спортшылар, қала тұрғындары қолдаған «Тоқта, вандал» акциясы аясында профилактикалық жұмыс жүріп жатыр. Акцияның мақсаты – вандализмнің кез келген жағдайын болдырмау және елордада тазалық пен тәртіпті сақтау. Жыл басынан бері сот 270-ке жуық адамды бөтеннің мүлкін қасақана бүлдіргені, қоғамдық орындарын ластағаны, ғимараттар мен тұрғын үй-жайларды бүлдіргені үшін жазалады. Вандализмнің алдын алу жұмысы қалалық прокуратура мен Полиция департаментінің үйлестіруімен жүргізіледі.

**№138** (4726) 19/11/2024 Сейсенбі

# ЕЛОРДАНЫҢ ЕҢ ЖАС АУДАНЫ

Нұра ауданы – елорданың ең жас және қарқынды дамып келе жатқан бөлігі. Тек қазіргі күннің өзінде мұнда 284 нысанның құрылысы жүріп жатыр, оның ішінде мектептер, спорт және медициналық орталықтар, әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үй кешендері бар. Осы нысандардың бестен бірі батыс бөлігінде, Тұран даңғылының артында орналасқан. Ауданда атқарылып жатқан жұмыстар туралы аудан әкімі Ришат Тұрдыбеков айтып берді.

**– Ришат Уәлиханұлы, осы лауазымға екі ай бұрын тағайындалдыңыз, әр жылдары елорданың үш ауданында әкімнің орынбасары қызметін атқарғаныңызды білеміз. Сол кездерде сіз қандай мәселелерге жауапты болдыңыз?**

– Келесі жылы Астана қаласы әкімдігінің жүйесінде жұмыс істей бастағаныма 20 жыл толады. Осы жылдар ішінде инфрақұрылымнан бастап қала тіршілігін қамтамасыз етуге дейінгі барлық негізгі бағыттарда тәжірибе жинақтадым. Алматы, Байқоңыр және Есіл аудандарында әкімнің орынбасары лауазымында абаттандыру, коммуналдық қызметтердің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мәселелеріне жетекшілік еттім, сондай-ақ өндірістік-техникалық міндеттермен және кәсіпкерлікті дамытумен айналыстым. Бұл маған қалалық жүйенің барлық механизмдерінің қалай жұмыс істейтінін терең түсінуге көмектескен үлкен мектеп болды.

**– Сіз елорда аудандарының ұқсастығын да, айырмашылығын да жақсы білетін шығарсыз? Өз тәжірибеңізбен бөліссеңіз.**

– Елорданың барлық аудандарына ортақ бір мәселе бар, ол – астаналықтар үшін қолайлы және заманауи орта құруға ұмтылу. Бірақ әр аймақтың өзіндік ерекшеліктері мен міндеттері бар. Мысалы, оң жағалауда, Сарыарқа және Байқоңыр аудандарында біз ескі инженерлік желілерді жаңғырту және тұрғын үй қорын жаңарту мәселелерін шешумен көбірек айналыстық, бұл әрине, қажырлылықты талап етсе, Нұра және Есіл аудандарында құрылыстың жоғары қарқынмен жүргізілуіне байланысты жаңа желілер мен көпқабатты тұрғын үй кешендерін уақтылы енгізуге баса назар аударылып келеді. Әр ауданның дамуында өз ерекшелігімен бірге олардың әрқайсының қала тұрғындарының қажеттіліктеріне сай болудағы айрықша тәсілдері де жоқ емес.

**– Нұра ауданы несімен ерекшеленеді?**

– Нұра, шынымен де, елорданың қарқынды дамып келе жатқан ауданы. Қазіргі уақытта мұнда 284 нысанның құрылысы жүріп жатыр, оның ішінде мектептер, спорт және медициналық орталықтар, әкімшілік ғимараттар мен тұрғын үй кешендері бар. Осы нысандардың бестен бірі батыс бөлігінде, Тұран даңғылының артында орналасқан, бұл ауданның кеңейіп келе жатқанын аңғартады және аудан әкімі ретінде мен үшін тұрғындарымыздың ыңғайлылығы, жайлылығы мен қауіпсіздігі маңызды.

Нұра – бұл елорданың дамуын бейнелейтін жас, өршіл, қарқынды дамып келе жатқан аудан. Осы екі айдан аз уақыт ішінде мен 34 мекенжайдың тұрғындарымен, сондай-ақ әлеуметтік нысандардың басшыларымен және МИБ/ПИК төрағаларымен кездесулер өткіздім. Әр кездесуде аулаларды абаттандырудан бастап жаңа білім беру мекемелерін дамытуға дейінгі әртүрлі мәселелер көтеріледі, түптеп келгенде, барлық тұрғындардың талабы – ыңғайлы қалалық ортаны қалыптастыруға белсенді қатысу. Қазіргі адамдар өздері тұратын және балаларын тәрбиелеп отырған аймақтың дамуына бейжай қарай алмайды. Тұрғындардың белсенділігі жұмысымызға жігер береді.

**– Ауданда абаттандырылған тұрғын үй кешеніне немесе аулаларды абаттандыруға көбірек көңіл бөліне ме, әлде «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы өзекті ме?**

– Нұра ауданының ерекшелігі сол, мұнда 2020 жылы және одан бұрын салынған үйлер жаңа ғимараттар ретінде қабылданбайды, олар ескі болып саналады. Бұл ауданымыздың қарқынды өсіп келе жатқанын көрсетсе керек. Соңғы екі жылда бой көтерген үйлердің аулалары құрылыс салушылардың күшімен абаттандырылды. Ал осыдан бес жыл бұрын тұрғызылған үйлердің аулаларын абаттандыру және көгалдандыру мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып отыр.

Өткен жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша біз 11 ауланы абаттандырдық, ал күрделі жөндеу аясында тағы 11 алаңда жұмыстар жүргізілді. Тұрғындардың пікірін ескере отырып, біз бос аумақтарды көгалдандыруға барынша басымдық беріп келеміз. Өз кезегінде бұл ауданның эстетикасын көркейтуге ғана емес, сонымен қатар қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға да мүмкіндік береді.

**– Нұрадағы жолдардың сапасы қандай, аумақ қалай көгалдандырылуда, автобус маршруттары жеткілікті ме?**

– Жолдардың сапасы мен көлік маршруттарының қолжетімділігі – біздің аудан үшін өте маңызды мәселе. Бұл бағытта жүйелі жұмыстар істелуде. Қазіргі уақытта жаңа нысандарға, әсіресе жыл соңында ашылатын төрт жаңа мектепке жол салынып жатыр. Жолдарда тұрғындардың қауіпсіздігі мен ыңғайлылығын қамтамасыз ету, аялдамалар, белгілер орнату және автобус маршруттарын іске қосу мәселелері қалалық басқармалармен бірлесіп шешілуде. Сондай-ақ биылғы жылы күн сайын мыңдаған астаналықтарға қызмет көрсететін негізгі көшелерден бастап бүкіл аудан жолдарына ауқымды жөндеу жүргізілді. Даңғылдарды жаңа тұрғын үй кешендерімен және әлеуметтік нысандармен байланыстыратын 13 жаңа көшенің құрылысы аяқталды.

Жаяу жүргіншілерге ыңғайлы болу үшін биыл Қабанбай батыр даңғылының бойындағы ұзындығы 6 км тротуар мен велосипед жолы абаттандырылды. Бұдан басқа, біз қолжетімділік мәселелеріне ерекше назар аударамыз: менің инклюзия жөніндегі кеңесшім Жанна Қасеновамен бірлесіп, қиылыстар мен тротуарларда пандустар орнату үшін ауданды тексеруді бастадық. Бұл мүмкіндігі шектеулі тұрғындар мен арбадағы балалары бар ата-аналар үшін қозғалысты айтарлықтай жеңілдетеді.

Тұрғындар үшін тағы бір маңызды тақырып – қоғамдық көлік мәселесі. Биыл Сығанақ, Әнет баба, Молдағалиев, Мұхамедханов, Исатай батыр, Сырым батыр және Доспанбет жырау көшелерімен өткен 4 жаңа автобус бағыты іске қосылды. Көгалдандыруға келетін болсақ,

биыл негізгі даңғылдарда және «Астана Арена» стадионы сияқты қоғамдық нысандарда биік ағаштар мен көпжылдық гүлдер отырғызылды. Бұл аумақтар қазір қала тұрғындарының демалатын орнына айналды. Бір маусымда ауданда 9 000-ға жуық ағаш, 136 000-нан астам көпжылдық гүлдер мен бұталар, сондай-ақ біржылдық гүлдер отырғызылды.

**– Аудан тұрғындарының бос уақыты қалай өтеді?**

– Ағымдағы жылы ауданда 4 қоғамдық кеңістік пайда болды, олар елорда тұрғындары мен қонақтары үшін танымал демалыс орындарына айналды. Осындай нысандардың бірі – мемлекеттік рәміздер алаңы, онда біз күрделі жөндеу жүргіздік. Мұнда енді тұрғындар жайлы серуендеп, абаттандырылған аумақты тамашалап, отбасымен уақытты тиімді өткізе алады. Бектұров көшесіндегі, ақын Махтумкули Фрага ескерткішінің жанындағы қоғамдық кеңістік Түрікменстанмен достығымыздың символына айналды. Бұрын қараусыз қалған учаске абаттандырылып, онда 3 300 жасыл желек отырғызылды, замануи орындықтар орнатылып, аумақ толық жарықтандырылды. Тұран даңғылындағы гүлзарлар абаттандырылды. «Таза Қазақстан» экоакциясы аясында тұрғындармен бірлесіп 2 500-ге жуық ағаш және 6 900 көпжылдық өсімдіктер отырғызылды. Жалпы ауданы 4 000 шаршы метрден асатын бұл алаңдар мыңдаған қала тұрғындарының демалатын орнына айналды. Келесі жылы ауданның барлық тұрғындары үшін одан да көп демалыс орындарын құра отырып, абаттандыру қарқынын күшейтуді жоспарлап отырмыз.

**– Жеке кездесулерде тұрғындар қандай мәселелерді көбірек көтереді?**

– Әр кездесуде бірде-бір маңызды мәселе назардан тыс қалмауы үшін тұрғындардың барлық өтініштерін мұқият жазып алуға тырысамыз. Екі айдың ішінде 600-ге жуық сұрақ жазылды, мен олардың әрқайсысы бойынша жұмыстың жүргізілуін жеке бақылаудамын. Бұл тәсіл бізге тұрғындардың нақты қажеттіліктерін терең түсінуге және жүйелі шешімді қажет ететін жалпы тенденцияларды көруге мүмкіндік береді.

Негізінен, аулалар мен алаңдарды абаттандыруға, көгалдандыруға және қалалық желілерді ұстауға байланысты сұрақтар көп қойылады. Ауданның қарқынды өсуі үшін жаңа демалыс және көгалдандыру аймақтарын жайластыру мәселесі де өте өзекті. Тұрғындар өздері тұрып жатқан үйдің аумағы көгалдандырылғанын, ыңғайлы серуендеу алаңдары мен балаларға арналған ойын алаңдарының болуын, сондай-ақ коммуналдық қызметтердің дұрыс жұмыс істегенін қалайды. Бұл ретте біз бірнеше жобаларды қолға алдық.

Тұрғындармен болған кездесулерде олар жолдардың жай-күйі мен қоғамдық көлікті ұйымдастыру мәселелерін де жиі көтереді. Ауданның өсу қарқынын ескере отырып, биыл бірнеше жаңа автобус желілері іске қосылды. Коммуналдық қызметтер мен инженерлік желілерге қатысты сумен жабдықтау, кәріз, электрмен жабдықтау, сондай-ақ жаңа кварталдарды салу кезінде көрсетілетін қызметтердің сапасы және инфрақұрылым мәселелері де назардан тыс қалған емес. Бұл бағыттағы жұмыстар тұрақты жүргізілуде. Инклюзия мәселелері де аса маңызды. Әсіресе мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар ауданның барлық санаттағы тұрғындарға қолайлы болғанын қалайды.

Бұл мәселелердің барлығы тұрғындардың өмір сүру сапасына тікелей әсер ететіндіктен, жұмыс барысында олардың әрқайсына басымдық береміз. Тұрғындар тарапынан туындаған кез келген проблемаға жедел әрекет ету арқылы біз Нұра ауданын өмір сүруге ыңғайлы, жасыл және қауіпсіз аудан ретінде дамытуға күш жұмылдырудамыз. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады.

Дайындаған
**Шолпан АКБАЛАЕВА**

Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесіне қатысты мәселелер әлі де бар. Біреулер бұл жүйенің пайдалы екеніне сенсе, енді бірі оның қажет екенін түсінбейді. Астана қаласы №2 қалалық емханаының директоры Айдын ӘШІМХАНОВ МӘМС жүйесінің артықшылығы, сақтандырылған және сақтандырылмаған адамдарға қандай медициналық көмек көрсетілетінін түсіндіріп берді.

# МӘМС: МИЛЛИОН ТЕҢГЕГЕ ДЕЙІН ҚЫЗМЕТТІ ТЕГІН АЛУҒА БОЛАДЫ

**– Айдын Әшімханұлы, медициналық пакеттің екі түрі барын білеміз. Аталмыш пакеттердің артықшылығы қандай?**

– Елімізде медициналық көмек екі пакеттің аясында беріледі. Біріншісі – тегін медициналық көмек, екіншісі – МӘМС. МӘМС жүйесі сақтандырылған адамдарға көптеген қосымша қызмет ұсынады. Мысалы, егер адам сақтандырылмаған болса, оған тек бастапқы медициналық көмек беріледі, ал зерттеулер мен маман кеңесін алу үшін жолдама берілмейді. Сақтандырылмаған науқас үшін бұл қызметтер ақылы болады. Қазіргі кезде біздің емханада 58 мың адам тіркелген. Олардың 10 мыңнан астамы сақтандырылмаған, яғни 18 пайызы ғана МӘМС жүйесіне тіркелген. Сондықтан көп адамға МӘМС жүйесінің артықшылығын түсіндіру жұмысы үнемі жүргізілуде.

**– МӘМС жүйесі қандай медициналық қызметтерді қамтиды?**

– Сақтандырылған адамдар көптеген артықшылықты пайдалана алады. Олар жоспарлы тексеру, лабораториялық зерттеу, мамандардың кеңесі сияқты қызметтерді тегін ала алады. Сонымен қатар, МӘМС жүйесінде жоғары технологиялық медициналық қызметтер де бар. Бұл қызметтер, мысалы, миллион теңгеге дейін тұратын қымбат операциялар сақтандырылған пациенттер үшін тегін ұсынылады. Сақтандырылған адам ай сайын тек 4250 теңге төлеп, 1 миллион теңгеге дейінгі медициналық қызметті тегін ала алады.

**– Онда тұрғындар не үшін ай сайын төлемді төлегісі келмейді?**

– Кейбір адамдар жеке клиникаларға барып, ақылы түрде қызмет алады. Себебі олар медициналық сақтандыруға төлеген ақшаға қызметтердің сапасы төмен деп есептейді. Бірақ кейіннен олар ақылы қызметтер үшін көп ақша жұмсайтынын түсінеді, ал МӘМС арқылы сол қызметтерді тегін алу мүмкіндігін жіберіп алады.

> МӘМС жүйесінде жоғары технологиялық медициналық қызметтер де бар. Бұл қызметтер, мысалы, миллион теңгеге дейін тұратын қымбат операциялар сақтандырылған пациенттер үшін тегін ұсынылады. Сақтандырылған адам ай сайын тек 4250 теңге төлеп, 1 миллион теңгеге дейінгі медициналық қызметті тегін ала алады

**– МӘМС аясында мамандарға жазылу мен кезек мәселесі қиын емес пе?**

– МӘМС жүйесінде мамандарға жазылу кезінде кейде кезек ұзақ болады. Алайда қазіргі уақытта бұл мәселе шешіліп, мамандар саны артқан. Мысалы, біздің емханада 3 кардиолог, 2 эндокринолог, 3 травматолог және 2 онколог жұмыс істейді, бұл кезекті 3-5 күнге дейін қысқартты.

**– Алдағы уақытта көпшілік осы жүйені қаншалықты қолдауы мүмкін?**

– Алда көп қазақстандық МӘМС жүйесін қолдайды деп сенемін. Өйткені елімізде денсаулық сақтау жүйесі халыққа көп қызмет көрсетеді, ал шетелде мұндай мүмкіндік жоқ. Мысалы, көптеген елде дәрігерлер тек төлем жасау арқылы қабылдайды, бірақ Қазақстанда мемлекет халықтың денсаулығын қамтамасыз ету үшін барлық жағдайды жасауда. Сондықтан МӘМС жүйесінің артықшылығын түсіну арқылы халықты сақтандыруға қатысуға ынталандыру қажет.

# ҚАНТ АУРУЫ АСҚЫНЫП БАРАДЫ

Өткен аптада елорда емханаларында Дүниежүзілік қант диабеті күні аталып өтті. Елімізде 486 мыңнан астам адам қант ауруымен ауырады екен. Алайда бұл тек есепте тұрғандар мен амбулаториялық ем алатындар ғана. Мамандар науқастардың нақты саны екі есе көп, яғни шамамен 1 миллионнан асады деп отыр.

№13 қалалық емханаының эндокринолог дәрігері Айгүл Жұмауараттың айтуынша, кейбір адамдар ағзасында қанттың жоғары деңгейін біле бермейді.

«Қандағы қанттың көп болуы ұзақ уақыт бойы емделмесе, асқынуға әкеледі. 2-типтегі қант диабетінен өлімжітім 3 есе, жүрек аурулары 2 есе, бүйрек аурулары 17 есе, аяқ гангренасы 20 есе, артериялық гипертония 3 есеге артады. Сонымен қатар қант диабеті соқырлықтың басты себебі болып отыр» дейді ол.

Қазақстанда жыл сайын қант диабеті 300 мың адамнан анықталады. Зерттеулер көрсеткендей, азаматтардың жартысынан көбі 2-типтегі қант диабетіне дейінгі предиабет жағдайын білмейді. Ал әрбір екінші адам 2-типтегі қант диабетіне шалдықканын да аңғармайды.

«Қант диабетінің себебі әлі толық анықталмаған, бірақ оның дамуына түрлі фактор әсер етуі мүмкін. 1-типтегі қант диабеті көбіне бала кезіндегі вирустық инфекциялардан, генетикалық себептерден немесе экологиялық жағдайлардан пайда болуы мүмкін. Ал 2-типтегі қант диабеті көбіне дұрыс тамақтанбау, қозғалыстың аздығы, семіздік және тұқым қуалаушылық сияқты факторлардың әсерінен дамиды» дейді эндокринолог дәрігер.

Қант диабетінің алдын алудың жолы – уақытында тексеруден өту. Әсіресе қант диабетінің қаупі бар адамдар үш жылда бір рет қандағы қант деңгейін тексертіп тұруы тиіс. Предиабет немесе 2-типтегі қант диабетінің белгілері көп жағдайда байқалмайды, бірақ тестілеу арқылы оларды ерте анықтап, алдын алуға болады. 1-типтегі қант диабетінде белгілер тез дамып, ауыр болуы мүмкін.

«Егер сізде қант диабетіне себеп болатын қандай да бір қауіп-қатер факторлары болса, дәрігермен кеңесіп, тексеруден өту ұсынылады. Қант диабетінің алдын алу және ерте анықтау адамдарға ауыр асқынулардың алдын алуға көмектеседі. Қазіргі таңда тестілеу жылдам және жеңіл, нәтиже, әдетте, тез дайын болады. Тек қант деңгейін тексеру үшін дәрігерге жолдама алу керек» деп түйіндеді Айгүл Жұмаурат.

Дайындаған **Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ**

# ОРТАЛЫҚТЫҢ ОҢДЫ ІСТЕРІ

Астана қалалық №4 емхана жанында №3 отбасы денсаулығын сақтау орталығы бар. Орталықтың мақсаты – инфаркт, инсульт ауруларының асқынуын болдырмау.

Президент өзінің жыл сайынғы Қазақстан халқына Жолдауында алғашқы медициналық-санитарлық көмекті денсаулық сақтаудағы басым бағыт ретінде белгіледі.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 23 қазандағы «Созылмалы аурулары бар адамдарға медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыру қағидаларын, бақылау кезеңдері мен мерзімдерін, диагностикалық зерттеулердің міндетті минимумы мен еселілігін бекіту туралы» бұйрығы бар. Соның негізінде «Инфекциялық емес созылмалы ауруларды басқару бағдарламасы» іске қосылды.

Орталықтың негізгі міндеті бар – диспансерлік есепте тұратын адамдарды инфекциялық емес созылмалы ауруларды басқару бағдарламасы бойынша алып қарау. Бұл бағдарламаны жүргізіп, қадағалайтын үйлестіруші – Айгүл Әбдірахманқызы.

Бұл бағдарлама созылмалы аурулары бар науқастардың біріктірілген медициналық араласулар мен коммуникациялар жүйесіндегі белгілі бір топтары үшін үйлестірілген, соның ішінде клиникалық және өзін-өзі басқаруға негізделгенін айту қажет.

– Бағдарлама халық денсаулығын нығайтуға жәрдемдеседі. Соның арқасында жедел жәрдем шақырулары азайып, әрбір адамды жеке емдеп, ауруларды асқынуын болдырмауға көмектеседі. Ауруханаға тұрғындардың баруы азайса, бұл шығындардың көлемін кеміте түседі. Тиімді медициналық көмек көрсету арқылы бағдарлама ұзақ мерзімді перспективада ауруларды емдеу және басқару шығынын азайтады. Сондай-ақ бағдарлама денсаулық сақтау жүйесін нығайту, оның жоғары сапалы және қолжетімді медициналық көмек көрсету қабілетін арттыруға бағытталған, – дейді координатор Айгүл Әбдірахманқызы.

Денсаулық сақтау мамандары үшін орталықтың мынадай артықшылықтары бар:

– профилактикалық сапалы медициналық көмек көрсету;

– ресурстарды тиімді пайдалану, соның ішінде кадрлық, қаржылық, емдеу кезінде медициналық көмек көрсету сапасын арттыру;

– пациенттерді өз ауруларын басқаруға бағыттау;

– ем алған пациенттердің қанағаттану деңгейін арттыру;

– пациенттердің медициналық қызметтерге, оның ішінде стационарлық қызметтерге қажеттіліктерін азайту.

Бағдарламаны енгізудегі күтілетін нәтиже қуантарлық. Аурулардың асқыну деңгейі төмендеп, дәрігерлердің үйге баруы азая түседі. Жедел жәрдем шақыру азайып, ауруханаға жатқан науқастардың жалпы саны кеміді. Өзін-өзі бақылауды жақсартқан пациенттер саны артып, олар алған қызметіне толығымен қанағаттанып, денсаулығын нығайтуда.

– Орталықтың үйлестірушісі ретінде осы бағдарламаның жүзеге асуын, дәрігерлердің науқастарды қарауын, олардың уақытында талдама тапсырып, дәрігерлік тексеруден өтуін, жалпы қызмет сапасын тұрақты түрде қадағалап отырамын, – дейді Айгүл Әбдірахманқызы.

**P.S:** ***Орталықтағы оңды істер бағыты осындай. Барлығы да қала тұрғындарының денсаулығы үшін жасалып отыр. Халықтан сұраныс бар жерде орталық тұрғындардың талабын орындауға әзір. Себебі ұлт денсаулығы – мемлекеттің байлығы. Тұрғындар көп баратын емханалар да денсаулық сақтау саласының халықаралық стандарттарға сай болуына, инновациялық технологиялардың емдеу орталықтарында кеңінен қолданысқа енуіне және денсаулық сақтау мекемелерінің білікті мамандармен қамтамасыз етілуіне барынша басымдық беріп отыр.***

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

# 327 АДАМ ДЕРТ ЖҰҚТЫРҒАН

Жыл сайын 1 желтоқсанда әлемде ЖИТС-пен күрес күні өтеді. Бұл күндері денсаулық сақтау, азаматтық қоғам, түрлі ведомство АИТВ-инфекциясы таралуының алдын алу бойынша тиімді іс-қимыл жасау үшін бірігеді. Елордада аталмыш дерт түрлерінің алдын алу бойынша «Дұрыс жолды – адам құқықтарының жолын таңдаңыз» айлығы басталды.

Жыл басынан бері елордада АИТВ-инфекциясын жұқтырған 327 адам анықталды. Олар: 75,2 пайызы – ерлер, 24,8 пайызы – әйелдер, 62,4 пайызы – 20-39 жас аралығындағылар.

Дүниежүзілік акция аясында 1 қарашадан 1 желтоқсанға дейін Астанада бірқатар іс-шара өтеді. Адамдар көп жиналатын орындарда, сауда-ойын-сауық орталықтарында, базарларда, теміржол вокзалдарында, әуежайда өзге өңірлерден келген қала қонақтары үшін АИТВ-инфекциясы мәселелері бойынша мамандардың кеңесі, АИТВ-инфекциясына жедел тестілеу акциялары өтеді.



**№138** (4726) 19/11/2024 Сейсенбі

Опера жұлдызы Шахимардан Әбіловтің есімі елімізде ғана емес, халықаралық деңгейде де жақсы таныс. Вокалдық лириканың ерекше шебері атанған әнші – өнерде қайталанбас шығармашылық бет-бейнесі мен келбетін тапқан талант иесі. Абайдың «Толық адам» ұғымын опера арқылы насихаттап, рухани биіктік пен даналықтың жоғары дәрежесін көрсетуімен де оның болмысы мен өнері ерекшеленеді. Қазақстанның халық әртісі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, танымал опера әншісімен бүгінгі шығармашылық жоспары, қазақ өнері мен мәдениеті туралы ой толғамын білу үшін сұхбат құрдық.



# ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНЫҢ ӨЗІ – *Опера*

**– Өнердегі биік шыңыңыз Абай өлеңдеріне жазылған камералық-вокалдық шығармалар болды. Абайды опера арқылы таныта отырып, оны өзіңіз, шын мәнінде, қаншалықты толық тани алдыңыз?**

– Абай – терең ақыл, асқан парасат иесі, даналық пен кемелдік деңгейі толық адам. Оның «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті, Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп, Және хақ жолы осы деп әділетті» деген өлең жолдарының өзі ақынның халықтық, ұлттық сипаттан биік адамзаттық тұлға екенін танытады. Біз сол Абай айтқан ізгілікті бойымызға сіңірсек, әлемді өзімізге бағындырар едік. Бізге Абайдың жүрегіндей сабыр жетіспейді. Халқының бойындағы көптеген кесір мінезді сынап кетсе де, бар ойы сол арқылы елінің мәртебесін көтеру болды. Туған халқының надандық қамытынан құтылып, білім мен рухани толысқан ұлт болуын армандады. Қазақтың тілін әлемдік деңгейге Абай арқылы шығара аламыз, сол арқылы халқымызды көрсетеміз. Хәкім Абай өлмейтін сөз ғана емес, өлмейтін ән де қалдырған. Бір ғұлама: «Абайды тану – Алаш баласының ақын алдындағы парызы» депті, оны тану – бәрімізге парыз. Абайды толық танып білу қиын, бірақ соған ұмтылу керек. Алматыдағы Абай опера және балет театрының 17 маусымын «Абаймен» аштым. Әр маусым сайын мен Абайды басқа қырынан тани түстім. Сол арқылы кәсіби тұрғыда ғана емес, рухани толыстым. Абай маған өмірлік рухани азық болды. Абайдың өмірден өткеніне 120 жыл толуына орай бірінші рет 22 қарашада Астана Опера театрында «Толық адам, ой толғау, хәкім Абай» атты монооперам болады. Маған бұл ретте үлкен көмегін берген ҚР Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаеваға және Астана Опера театры ұжымына зор алғысымды білдіремін. Әдетте, көптеген іс-шара ақынның туған күніне орай ұйымдастырылып жатады. Ал біз бірінші рет дүниеден өткен уақытына орай осы ән кешін өткізуді жоспарладық. Монореквием алдымен Алматыда қойылды, халық жылы қабылдады. Енді Астанада өтеді. Қазір соған үлкен дайындық жүргізудеміз. 1 сағат 10 минут сахнада үздіксіз Абайдың 10 өлеңін айта отырып, бірінші рет қазақ өнерінде алғаш монооперa қойылады. Соған барша Абайды ұлықтаған, ақынды терең тани түскісі келген елордалық көрермендер мен қала қонақтарын шақырамын.

**– Опера өнері қазақта кенже дамыған деген пікірмен келісесіз бе?**

– Адам бойына барлық өнерді сыйғыза алмауы мүмкін, ал опера өнеріне қай халықтың болмасын бүкіл өнері сыяды. Әлемде алғаш рет опера XVII ғасырдан қойыла бастады. Біз бұған XX ғасырда келдік. Бірақ айта кету керек, қазақтың өнері – үлкен симфония, қазақтың халық әндері – нағыз классика. Қазақ даласының өзі – опера. Сондықтан керісінше опера негізі қазаққа жат емес десем артық айтқандық емес. Себебі әлемде опера жазылған кезде оның диапазоны квинта, кварта, октава болатын, ал қазақтың халық әндері XIII-XIV ғасырларда-ақ бір жарым октава болды. Көлемі жағынан да, ішіндегі сөзінің мағынасы мен музыкасы да ғұламалыққа толы. Бірақ біз көшпенді халық болып ол өнерімізді бүкіл әлемге таныта алмадық. Өнер біздің құшағымызда, бойымызда жылдар бойы сақталды. Қазақтың жері қандай кең-байтақ және бай болса, рухани мұрасы да сондай қазынаға толған. Өнер туралы көп нәрсе айта аламын, 40 жыл консерваторияда еңбек еттім, 17 жыл басшылық қызметтер атқардым, ән кафедрасының меңгерушісі, факультет деканы болдым. Абай опера және балет театрында 20 жыл жұмыс істедім. Абайдан бастап бірыңғай бас партияларды орындадым. Әлемнің 50 шақты мемлекетіне барып өнер көрсеттім. Түркияда 1999-2000 жылдары түрік тілінде алғаш болып түрік операсын, яғни «Ары туралы аңыз» атты операны орындаған қазақпын. Бірнеше шет мемлекетте шәкірттерім жұмыс істеп жүр. Шетелдік көптеген танымал музыкантпен қарым-қатынасым өте жақсы, үнемі араласып тұрамыз. Сондай биік деңгейдегі әншілермен тығыз байланыста болып, жақын сөйлесіп тұрмасаң өнерің өспейді. Бір жағынан, бұл қарым-қатынас олардың Қазақстанның операсын танып, елімізде үлкен өнердің күші, биіктігі барын білуіне септік етеді.

**– Халықаралық шығармашылық академиясының академигі, «Құрмет» орденінің, Халықаралық шығармашылық академиясының «Даңқ» және III дәрежелі «Барыс» ордені сияқты басқа да көптеген еліміздегі ең үлкен атақтардың иегерісіз. Мұндай дәрежеге жету үшін қандай еңбек пен күш керек?**

– Алдымен адамның туған топырағынан бойына сол өңірдің өзіне тән қасиеттері дариды. Павлодар өңірі, Шарбақты ауданы, Арбаиген деген қазақ ауылында туып-өстім, 70 жыл бойы бір орыс тұрмаған, қазақылықтың қаймағы бұзылмаған ауыл, сол жерде өнер жолындағы алғашқы қадамдарым басталды. Қазақ мектебінде оқып, қазақы тәрбиемен өстік. Бірақ өзге тілдерді меңгеруде де ешкімнен кем болған жоқпыз. Жасөспірім шағымда ата-анамыздан ерте айырылдық. Тірісінде ата-анам атеистік қоғам салтанат құрып тұрғанына қарамастан құран оқитын. Екеуі де домбырамен ән айтатын, ауылдағы тойдың сәні, топтың гүлі болған. Әкем эпостарды күн-түн демей жырлаудан жалықпаса, шешем қазақша, татарша әндерді өте жақсы орындайтын еді. Жүрегі кең, сол заманда білімді, парасатты жандар болды, араб тілін, латын жазуын жетік білді. Олардан тараған бізге де, әрине, өнер әкенің қаны, ананың сүтімен дарыды. Ағам Тілеуқабыл баянда жақсы ойнайтын мықты музыкант болды. Әпкем де тәп-тәуір ән салатын. Өнер қонған әулеттің ішінде мен операкамералық бағытта өз жолымды тауып, Алматыдағы мемлекеттік консерваторияда оқыдым, Жамбыл филармониясының солисі ретінде еңбек жолымды бастадым. Содан бергі 43 жыл өмірім елімнің және әлемнің опера сахналарында ән салумен өтіп келеді. Мені халыққа қатты танымал еткен концерт – Лондондағы Барбикан-холлда корольдік камералық оркестрмен берген концерт болды. Бұл жайлы Би-би-си тілшісі: «Лондон Сити орталығында XI ғасырдағы шіркеуде концерт беріп, тек қана әлемдік танымал жұлдыздардың келгеніне дағдыланған қаладан осынша көп тыңдарман жинау теңдесі жоқ құбылыс болды» деп жазса, БҰҰ-ның «Бейбітшілік ісі үшін» сыйлығының иегері, белгілі әнші Осман Тюркай: «Бұл – Қазақстандағы баламасы жоқ ұлттық құндылық» деп бағалады. Сонымен қатар Париждің Плейель залында, Винченсо, Берлин, Тель-Авив, Мәскеудегі Ресей композиторлар одағы және П.Чайковский атындағы консерваторияның кіші залында да концерттерім өтті. «Искусство XXI века» атты Финляндия, Италия, Австрия, Калининградта өткен «Янтарный соловей», Мәскеуде өткен «Международная русская романсида» сынды вокалистер байқауында, Қазан қаласында өткен Р.Яхин атындағы камералық әншілер байқауында, Уфада, Киевте өткен опералық әншілер байқауында қазылар алқасының мүшелігінде болдым. Қазақстанда ғана емес, ТМД елдері мен алыс-жақын шет елдерде шеберлік сабақтарын өткіздім.

> Опера негізі қазаққа жат емес десем артық айтқандық емес. Себебі әлемде опера жазылған кезде оның диапазоны квинта, кварта, октава болатын, ал қазақтың халық әндері XIII-XIV ғасырларда-ақ бір жарым октава болды

**– Әлемге қазақты танытқан Димаштың дауыс ерекшелігін кәсіби әнші ретінде қалай сипаттап, бағалар едіңіз?**

– Димашты өте жоғары бағалаймын. Ата-анасы қандай керемет жандар, өзі де бір ерекше туған бала! Бәрі тәрбиеге байланысты ғой, оның тәрбиесі мықты, нағыз қазақы тәрбие алған. Қазақта тәрбие деген не? Ол – жақсы мен жаманды айыру, үлкен мен кішіні сыйлау. Ал әл-Фараби: «Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту» дейді. Алла Тағала Димаштың жүрегіне ерекше сәуле нұрын құйып қойған. Ақтөбеге барғанда маған оны анасы әкеліп дауысын тыңдатқызған, 12-13 жастағы кезі еді. Сонда Димаштың өте талантты бала екенін, болашағы зор екенін байқап, батамды бердім. Кейін танымал болған соң да өзі маған амандасып, хабарласып келіп тұрады. Екеуміз өнер туралы көп әңгімелесеміз, ол – қашанда ақыл-кеңес сұрауға, білуге құштарлығы мол азамат. Димаштың ерекшелігі – төртінші октавадағы ноталарды ұстай алуы. Ол – октавалардың ең шегі. Бізде «примарный тон» деген болады, яғни «удобный» ноталар немесе ортаңғы тон. Сол тұрғыда Димаштың ортаңғы тоны – ең жоғары тон. Оныкі жоғарыдан басталады, ал жай әншілерде төменнен басталады. Димашқа еліктеймін дегендер дауыссыз қалады, оның дауысы солай ерекше жаратылған. Негізі, әр адамның дауысы ерекше. Соны еліктеумен құртып алмай, өз ерекшелігіңіз арқылы жұмыс жүргізсеңіз, әлдеқайда тез жетістікке жетесіз. Өзбек, түрік, тәжіктер ән салғанда өзіндік интонациясынан айнымайды, ал біздегілер Еуропаға еліктеймін деп ұлттық бояуымызды жоғалтып жүр. Бізде бос мақтан, жел сөз көп. Негізі, сынау керек, сынды қабылдай алу қажет, бірақ ол сын сауатты болса ғана тиімді.

**– Опера жанрында шәкірттер тәрбиелеп, консерваторияда факультеттер, бөлімдерді басқардыңыз. Осы салада алған «ҚР білім беру ісінің үздігі» деген атағыңыз бар. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Құрметті кафедра меңгерушісі» деген де атақ берілген. Астанадағы Қазақ ұлттық өнер университетінің, сонымен қатар Павлодардағы С.Торайғыров атындағы университеттің де профессоры екенсіз. Өзіңіз пір тұтатын Абайдың «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деген сөзіне сай ұстанымда жүрсіз ғой...**

– Иә, мен талай жұлдызы жарқыраған опера әншілерін тәрбиелеп шығарған ұстаз ретінде өз шәкірттеріммен мақтана аламын. Олар әлемдік ірі сахналарда Қазақстанның атынан өнер көрсетіп, еліміздің мәдениетін шет мемлекеттерге мойындатуда. Менің қазіргі басты жұмысым – сол жастарды тәрбиелеу. Астана Опера театрында әлемдік деңгейде аттары белгілі 5-6 шәкіртім жұмыс істейді. Алматыда одан да көп. Сол шәкірттерді тәрбиелей жүріп, өзім де ізденіс үстінде боламын, жасым 74-ке келсе де әлі де үздіксіз оқумен, өнерімді үнемі жетілдірумен келемін. Операмен күнде айналыспасаң, одан тез айырылып қаласың. Бұл шыңы биік өнер деп бекер айтылмаған. Мұнда тек ария айту аздық етеді, айтқан әннің сөзін бүкіл жан дүниеңнен өткізіп, тыңдаушыға әсерлі жеткізу үшін де білім, ізденіс, тәжірибе керек. Опера әншісі кітапты көп оқуы, ойланып, толғануы қажет. Өзім өмір бойы әдебиетпен доспын. Абайдан бастап, Шекспирдің, Лермонтов пен Пушкиннің еңбектерін, орта ғасырдағы араб прозасын сүйіп оқимын. Сократтан бастап, Аристотель, Кант, әл-Фараби, Ғазали, Ясауи сияқты танымал философтардың шығармаларын ақтарамын. Өзіміздің қазақ ақын-жазушыларының еңбектерін де зерделеймін. Жастардан да сондай ізденісті талап етемін.

**– Өмірге жұбайыңызбен бірге екі бала әкелген ардақты әкесіз. Әке жолын қуған балаларыңыз бар ма?**

– Құдай қосқан жарым Мағруза Бексұлтанқызы Алматыдағы Кинолар үйін 42 жыл басқарды. Бір ұл, бір қызымыз бар. Олар бірақ өнер жолында емес. Дегенмен басқа салада жоғары білім алып, қызметін абыроймен атқарып жүр. Жұбайым басшылық қызметте жүрсе де, үй мен түздің шаруасын қатар алып, менің шығармашылық жағынан дамуыма толық жағдай жасады. Шетелдерге шығып, әлемді шарлап, өнеріммен танылуыма оның зор үлесі тиді. Сондықтан оған деген ризашылығым зор.

**Сұхбаттасқан**
**Райхан РАХМЕТОВА**

# ҚЫР ҚЫЗДАРЫНЫҢ ЖЫРШЫСЫ

Биыл – қазақ елінің әдебиет тарихында ерекше орны бар жазушы-публицист Сара Мыңжасарованың 100 жылдық мерейтойы. Жазушының өмірі мен шығармашылығы туралы жарық көрген зерттеулер мен телехабарлар оның жазушылық, аудармашылық және қоғамдық қызметі туралы біршама ақпарат береді.

Сара Рахманқызы Мыңжасарова 1924 жылы 29 қазанда Ақтөбе облысында дүниеге келген. Өмірін білім беру және журналистика саласына арнаған Сара Рахманқызы аудармашы, публицист, журналист ретінде де танымал. Оның шығармалары әйелдер тағдыры, олардың ішкі әлемі мен өмірлік күресі туралы сыр шертеді.

Ол туындыларында әйелдерге тән нәзіктік пен табандылықты шебер бейнелеп, оқырманға таныс тұрмыстық мәселелер мен ішкі жан дүниенің күрделі тұстарын көрсетеді. Қаламгердің алғашқы еңбек жолы журналистік бағытта басталып, жазушылыққа қарай ойысқан болатын. Алматы, Талдықорған қалаларындағы республикалық газеттерде жауапты хатшы, әдеби қызметкер, газет тілшісі, газет аудармашысы қызметтерін абыроймен атқарып, журналистік жолда шыңдалды. Жазушының өмір жолын хронологиялық сатымен бағамдасақ, оның 1949 жылы журналистік қызметін Талдықорған облыстық «Сталиншіл» газетінде бөлім меңгерушісі болып бастағанын және 1952-1960 жылдары сол газеттің жауапты хатшысы, кейін «Семиреченская правда» газетінің әдеби қызметкері болғанын көреміз. Журналист ретінде шыңдала түскен Сара Рахманқызы Алматы облыстық «Коммунизм таңы» газетінің, 1960-1971 жылдары «Казахстанская правда» газетінің тілшісі болып маңызды басылымдарда қызмет етті. Осы баспасөзге қызмет еткен жылдар оның жазушы ретінде қалыптасуына да өз әсерін тигізгенін білеміз.

Қоғамдық қызметтерді атқару барысында өзінің азаматтық ұстанымының мықтылығын және ұлттық сана-сезімінің жоғарылығын таныта білді, сол арқылы қазақ елінің болашағы үшін көптеген бастамалардың ұйытқысы бола білді. Мәселен, 1971-1973 жылдары Байланыс министрлігінің мерзімді баспасөзді тарату басқармасында басшылық қызмет еткен жылдары орыстілді басылымдар мен қазақтілді газеттердің таралымы арасындағы алшақтықты жойып, қазақ тіліндегі баспа өнімдерінің таралымын сан жағынан арттыруға зор үлес қосты. Газет беттеріндегі публицистикалық мақалаларында да Сара Мыңжасарованың үнемі қазақ елінің ертеңіне қызмет ететін тың да маңызды пікір айтып, халықтың рухани дүниетанымының ұлттық топырақтан үзіліп қалмауына өзіндік байламды ой қосып отырғаны белгілі.

Сара Мыңжасарованың алғашқы романын оқыған Ахмет Жұбановтың оң пікір беріп, рухани қолдау жасағаны туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, жазушы Мағира Қожахметованың естеліктерінен жақсы білеміз. Ол кісінің «Қазақтың тұңғыш романист қызы», «Сара апаны сағыну» сияқты мақалалары бар. С.Мыңжасарованың алғашқы романдарының бірі – «Қыр қыздары» (1970), бұл шығармада ауыл әйелдерінің күнделікті тұрмыс-тіршілігі, олардың еңбекке араласуы және қоғамдағы рөлі суреттеледі. «Әйел бақыты» (1981) және «Төзім шеңбері» (1984) романдарында да қазақ қоғамындағы әйелдер бейнесін көркем түрде беріп, қазақ әйелдерінің тағдырына терең үңілгенін байқауға болады. Жазушы романдарының тақырыптарынан да олардың әйел тағдырына арналғанын байқауға болады. «Қыр қыздары» романында бейнеленетін қазақ қыз-келіншектерінің іс-әрекеттері мен қоғамдық ортада өздерін ұстауы және қоғамдағы «қазақ қызы» деген пікірді қалыптастыруға әсер етуі де ерекше сипатталады. «Әйел бақыты» мен «Төзім шеңбері» романдарында сол қазақ қыздарының өсу жолын, қоғамда қалыптасу жолын көруге болады. Сара Рахманқызының өз әкесінің анасымен ерте ажырасып кетіп, оны жалғыз анасының бағып-қағып өсіруі, білім беруі бұл романдардың сюжетіне әсер еткен сыңайлы. Жазушы романдарында бейнелеген әйелдердің қаһармандық, батырлық, жанкештілік қырларымен бірге олардың жан дүниесінің аса нәзіктігі де қатар өріліп отырады. Өз анасының басынан кешкен тірі жесірлік пен жалғыздық болашақ жазушының санасында жастайынан қатталғанын да байқамау мүмкін емес.

Аудармашы ретінде вьетнам жазушысы Нгумен Ванның «Буйвол» повесін, абхаз жазушысы Иван Папаскиридің «Әйел намысы» романын және басқа да көптеген шығармаларды қазақ тіліне аударған. Сонымен бірге, шетел әдебиетінің ертегілері мен балаларға арналған шығармаларын қазақша сөйлетіп, жас жеткіншектерге шетелдік туындыларды таныстырғанын да ерекше атап өтуге болады.

Сара Мыңжасарова өзінің алғашқы романы – «Қыр қыздарында» қазақ әйеліне тән ерекше мінезді, атап айтсақ, төзімділік пен көнбістікті, қайраттылық пен нәзіктікті қатар алып, жалпы қазақ әйелінің адамдық тұлғасын жасайды.

Жазушының «Өмір тынысы» повесі Ғазиза Ахметқызы Жұбановаға арналған. «Әйел бақыты» романы «Қыр қыздарының» жалғасы сияқты болып шыққан. Онда «Қыр қыздары» романының қысқартылған тараулары қосылып, толық нұсқасы берілген. Романның негізгі желісі 1917 жылға дейін теңдік ала алмаған қазақ әйелдерінің қиын тағдыры және өмірдегі қиындықтарды жеңудегі олардың батылдығы мен әділдікке деген сенімін ашып көрсетуге құрылған.

Жазушының «Төзім шеңбері» романында әйел тағдыры мен оның өмірлік күресінің көрінісі жақсы бейнеленген. Романның басты кейіпкері Күнсұлудың өз өміріндегі әртүрлі кезеңдер мен ауыртпалықтарды шешу жолындағы әрекеті нәзік жанды адамнан гөрі қайратты жанның әрекетіне келеді. Оның алғашқы жары Сәлкенмен қарым-қатынасы, Мәскеуде білім алу кезіндегі екеуінің айырылысуы, ауылдағы өмірі, өз махаббатын іздеу жолындағы күресі – романның негізгі арқауы. Сәлкеннің Мәскеуде оқып келгеннен кейін қатты өзгергені, өз әйелі Күнсұлуды менсінбей, өзінен төмен санауы, сол себепті ажырасуы баяндалады. Сәлкеннің ішкі толғаныстары мен тебіренген сәттері де әсерлі шыққан. Романда Күнсұлудың тұрмыс-тіршілігі мен оның жан дүниесінің күресі біртұтас бейнеленіп, оқырманға күш-жігер, үміт сыйлайды. С.Мыңжасарова қазақ әдебиетінде әйелдің рөлі мен орны туралы тақырыптарды қозғай отырып, олардың ішкі әлеміне шынайы көзқарас қалыптастырды. Білім алып, оқыған қазақ жігіттерінің ХХ ғасыр басындағы тіршілігін ұлы жазушы М.Әуезовтің «Оқыған азамат», «Үйлену», «Сөніп-жану» деген әңгімелерінде көрсеткенін білеміз. Сәлкеннің де бейнесі сондай тұрақсыз, жеке басының ғана бақытын ойлаған еркектің образы болып шыққан. Мәскеуге оқуға жіберіп, үйдегі бар тіршілікке ие болып қалған әйелін бағаламаған еркектің болашағы туралы жазушы қазбаламай жайына қалдырады. Оны оқырмандарының еншісіне беріп, әрі қарай Күнсұлудың қиындықтан шыққан жолын бейнелейді. Бұл да жазушының өзіндік шешімі деуге болады.

Сара Мыңжасарованың шығармаларындағы әйелдің өзін-өзі табуы, қоғамдағы рөлін түсінуі және өмірлік күрестерден тайсалмай өтуі оның Жорж Санд, Шарлотта Бронте, Джейн Остин сияқты шетелдік жазушылардың шығармаларымен үндестігін көрсетеді. Яғни әрбір кейіпкердің өмірлік тәжірибесі арқылы әйелдің өзін-өзі ашу процесі айқындалады.

Қазақ әдебиетіндегі әйелдер прозасы, соның ішінде Сара Мыңжасарованың шығармашылығы – әйелдерге тән өмірлік күрестерді, олардың ішкі әлемін терең суреттейтін айрықша бағыт. Әйелдер прозасы әлі де заманауи әдебиетте өзекті және маңызын сақтап келеді. Сара Мыңжасарова өз шығармалары арқылы қазақ әдебиетінде әйелдер бейнесін жаңа қырынан танытып, әйел тағдыры мен әлемін шеберлікпен суреттеген қаламгер ретінде есте қалады.

**Мөлдір АМАНҒАЗЫҚЫЗЫ,**
**А.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, философия докторы**

Қытайдың Үрімжі қаласында өткен жастар мен жасөспірімдердің халықаралық жеңіл атлетика жарысында қазақстандық спортшы Нұрбосын Мұратұлы 1500 метрде топ жарып, алтын медаль, 3000 метрде күміс медаль алды.

# АСТАНАЛЫҚ СПОРТШЫ АЛТЫН АЛДЫ

**Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ**

15 жастағы Нұрбосынды баптап, бағын ашқан жаттықтырушы Бағдәуір Үлкенбай болатын.

«Нұрбосынды бір жыл жаттықтырдым. Осы бір жыл ішінде ол 4 рет Қазақстан чемпионы болды. Енді, міне, Қытайда өткен Қытай және Орталық Азиядағы 5 елдің 330-дан астам спортшысы қатысқан халықаралық жарыста 15-16 жас аралығындағы жастардың бәсекесінде топ жарып, чемпион болды. Ол бұрын бұл салада машықтанбаған, денесі де әлсіз еді, бірақ өте жігерлі, жапаға төзімді, қайсар бала. Сол қайсарлығының арқасында осындай нәтижеге қол жеткізді» дейді Бағдәуір.

Астана қалалық №9 балалар мен жасөспірімдердің спорт мектебінде жеңіл атлетикадан тренер боп қызмет істейтін Бағдәуір Үлкенбай – Қытай қазақтарынан шыққан танымал жаттықтырушылардың бірі. Ол тәрбиелеген шәкірттер Бейжің қаласының марафоны сияқты Қытайдың ірі-ірі жарыстарында жүлде алған.

«Атажұртқа келгеніме бір жыл болды. Алға қойған бір мақсатым – Қазақстанда да мықты спортшылар тәрбиелеп, көк туымызды желбіретіп, елімізге үлесімізді, еңбегімізді сіңіру. Нұрбосын да шетелден келген қазақ, бағын ашып баптай білсе, әлі талай қазақ баласы ел абыройын асқақтатады» деді Бағдәуір Үлкенбай.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес қоғамдық талқылаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 17 желтоқсан сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Заңды/жеке тұлғалардың өтініштері негізінде қаралатын мәселелер:

1. «Алматы» ауданы, Абылай хан даңғылы мен Ғ.Мүсірепов көшесінің қиылысында, «Сквердi» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Астана қаласы «Алматы» ауданы әкімінің аппараты» ММ;

2. «Алматы» ауданы, Астана-Қарағанды трассасы, 82Б, 82В, 82К, 82-үй учаскесі, ғимарат. 82, 82/1 уч., «3-4 қабатты көпфункционалды кешенді», «тұрғын үйлерді» және «кеңсе ғимаратын» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Ақ Тұлпар-21» ЖШС;

3. «Алматы» ауданы, Ойтоған көшесі, 5 үй, 1-3 қабатты «Сауықтыру кешені, оңалту орталығын», орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Инжиниринг сервис 2022» ЖШС;

4. «Алматы» ауданы, Әл-Фараби даңғылы мен А211 (жобалық атаулар) көшесінің қиылысы ауданында қызыл сызықтарды өзгерту бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Астана қаласының көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ;

5. «Алматы» ауданы, А130, А102 және А108 (жобалық атаулар) көшелерінің қиылысы ауданында, «Балабақша» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Астана қаласының құрылыс басқармасы» ММ;

6. «Алматы» ауданы, Интернациональный тұрғын алабы, «Шығыс» ҚС-тен «Бәйтерек» ҚС-қа дейін 110кВ ЭЖ орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Астана қаласының энергетика басқармасы» ММ;

7. «Алматы» ауданы, Астана – Малотимофеевка көшесінің бойында, «Өрт сөндіру депосын» орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ әзірлеу бойынша, тапсырыс беруші «Өрт сөндіру және авариялық-құтқару жұмыстары қызметі» РММ.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде n.seitzhaparov@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасы» ММ, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 30.09.2020 жылғы №505 бұйрығымен бекітілген қала құрылысы жобаларын әзірлеу, келісу және бекіту қағидаларының нормалары мен талаптарына сәйкес, Астана қаласы, «Нұра» ауданы, Күлтегін көшесі, №16 уч., Тапсырыс беруші «Қазақстан Құрылыс-монтаждау компаниясы Основа» ЖШС-нің «9-12 қабаттың ауыспалы қабаты бар мұнара үлгісіндегі 3 блоктың конфигурациясы «объектісін», 9-12 қабатты ауыспалы қабаты бар 6 блоктың конфигурациясы «объектісіне орналастыру бөлігінде ЕТЖЖ түзету.

Қоғамдық талқылаулар 2024 жылғы 27 қараша сағат 11:00-де Республика даңғылы, 32, 1-қабат мекенжайы бойынша өтеді.

Дәлелді ескертулер мен ұсыныстар қоғамдық талқылаулар басталған күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде s.alkuatova@astana.kz электрондық мекенжайға немесе Астана қ., Ә.Мәмбетов к-сі, 24-үй мекенжайындағы ұсыныстар жәшігінде (холл) қолма-қол қабылданады.

Жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландырудың «Жол-көлік кешенінің басшы қызметкерлерінің біліктілігін арттыру институты» ЖШС мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы – «Есіл» жалпы білім беретін жекеменшік орта мектебі. Ата-ана төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек. Бұл білім беру мекемесінде жылда ата-ана төлемі төленбейді. Сенім телефоны: 8-7172-69-50-37, 8-7172-69-50-58.

**ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!**

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп – жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы.

Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2024 жылы – 4140000 теңге).

Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда, «Қаржы орталығы» АҚ-қа хабарласуыңызды сұраймыз.

Сенім телефондары: 8-7172-695-037, 8-7172-695-058.

«Ваш Столичный Ломбард» ЖШС кепіл мүлкін соттан тыс сатуды күн сайын жүзеге асырады. Ломбардтардағы зергерлік бұйымдар түріндегі мүлікті ашық аукцион арқылы сатады. Толығырақ: vsl.kz/torgi

# ҚАЗАҚТЫҢ БҰЛБҰЛЫ – БИБІГҮЛ

Қазақтың маңдайына біткен жарық жұлдызы, опера әншісі, колоратуралы сопрано дауыс иесі, актриса, педагог, аңыз адам Бибігүл Төлегенованың 95 жасы қарсаңында өнердегі шәкірттері, өнердегі үзеңгілес әріптестері елордадағы «Астана Опера» театрында жеке концертін өткізді. 70 жыл бойы үлкен сахнада өнерін паш еткен аңыз тұлға, қазақтың бұлбұлы Бибігүл Ахметқызы өзі де концертті көрермендер залында халықпен бірге тамашалады.

Концертте Бибігүл Төлегенованың бала шәкірттері, немере шәкірттері өзі секілді қазақтың халық әндері мен классикалық әндерді орындады. Концерт жоғары деңгейде аншлагпен өтті.

Кеш Ахмет Жұбанов пен Латиф Хамидидің «Абай» операсындағы «Тойбастармен» басталды. Бибігүл Төлегенова атындағы байқаудың лауреаттары Расул Жармағамбетов пен Татьяна Вицинская, «Астана Опера» хоры, оркестрі мен балет труппасы, дирижер, «Құрмет» орденінің кавалері Руслан Баймурзиннің жетекшілігімен кеш бойы бекзат өнердің хас шеберлігін көрсетті. Ақын апамыз Фариза Оңғарсынованың «Бибігүл – ән» өлеңін Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Өнербаев мәнерлеп оқыса, танымал әнші Толқын Забирова «Бұлбұлды» нәшіне келтіре шырқады. Дәулескер күйші Айгүл Үлкенбаева күй тартса, Самал Байсейітова «Ғауһартасты» тамылжыта орындады. Н.Тілендиевтің «Асатаяқ» музыкасына Astana Ballet театрының әртістері биледі, әлемдік классика – «Севиль шаштаразы» комедиясынан тамаша көріністер қойылып, ариялар орындалды. Альфия Каримова, Дінмұхамед Көшкінбаев, Азиза Омарова, «Астана Операнның» ерлер хоры, К.Сен-Санстың «Аққуын» Әйгерім Бекетаева мен Назым Сағынтай керемет орындап шықты. «Астана Опера» сахнасындағы қазақ әндерінен попурриді «Forte Trio»-ның орындауында тыңдасақ, Шахимардан Әбілев пен балалар хоры Абайдың «Желсіз түнде жарық ай» әнін шырқағанда зал дүбірлете қол соғып, қолпаштап отырды. Өнер майталмандары Медет Чотабаев, Салтанат Ахметованың салған әуендері, сондай-ақ Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейір Байнеш, Талғат Аллабиринов пен Нұрғалым Аманбай қатысқан трионың орындауындағы әндер, опералық шығармадан үзінділер тыңдарманды айрықша тамсантты. А.Зацепиннің «Көктем туралы әнін» концертке қатысқан барлық әнші аты аңызға айналған Бибігүл Төлегеновамен бірге орындап, биік өнерге қол соққызды.

**Гүлшат САПАРҚЫЗЫ**

# ВЕЛОСПОРТПЕН АЙНАЛЫСУҒА МҮМКІНДІК ТУДЫ

Астанада ерекше қажеттілігі бар 30 балаға велоспортпен жүйелі түрде айналысуға мүмкіндік туды. Оларға киім-кешек, құрал-жабдық, велосипедтер мен көліктер сатып алынып, «Велоспорт – баршаға» жобасы аясында «Сарыарқа» велотрегінде жаттығулар ұйымдастырылды.

«Велоспорт аутизмі бар балалардың күш-қуаты мен төзімділігін, эмоционалдық көңіл күйін жақсартып қана қоймай, қоғамға бейімделуіне зор септігін тигізеді. Біздің мақсатымыз – балаларды тек жаттықтыру ғана емес, оларды халықаралық жарыстарға шығару және елімізде пара велоспортты дамыту. Ақпан айында қолға алынған жоба аясында 100-ге жуық үміткердің ішінен ең үздік 30 қатысушы іріктелініп алынды. Бұл жердегі спортшылар ел намысын қорғайтын болғандықтан, талаптар да жоғары. Сондықтан әр тоқсан сайын құрам жаңарып, мықтылар іріктеледі» деп атап өтті Velolegend қорының жетекшісі Махаббат Өтегенова.

Ерекше қажеттілігі бар балаларға көңіл аударылғанына көп уақыт болмаса да, Дастан Ордабай қыркүйек айында Францияда өткен Virtus Cycling Open Time Trial жарысында 17,3 шақырымдық жекелей жарыста күміс жүлде жеңіп алған болатын.

«Бұрын балам жасқаншақ, өзіне сенімсіздеу еді. Енді тұрақты жаттығудың арқасында сенімділігі, спортқа деген құлшынысы артты. Бір жылдай уақыт ішінде ұлттық құрамаға да кіріп үлгерді. Бұйырса, ірі жарыстарда да өз атын танытатынына сенімдімін» деді Әмір атты баланың анасы Ырысты Ғабдуллина.

Әзірше мұндай жоба елімізде тек Астана қаласында бар. Іс-шара қорытындысында «Самұрық-Қазына» АҚ тарапынан балаларға 30 велосипедтің сертификаты мен жаңа көліктің кілті табыс етілді.

**Қанат БАЙҰЗАҚОВ**

# ӘРАЛУАН БАҒЫТТАҒЫ ӘУЕНДЕР

Еркеғали Рахмадиев атындағы Мемлекеттік академиялық филармония ұжымдары әралуан бағытта бірнеше концерт ұсынды. Атап айтқанда, өнер ұжымының концерт залдарында заманауи жапон музыкасы кеші, «Қоңыр күз» және «Сайра, бұлбұл» концерттері өтті.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

### ЗАМАНАУИ ЖАПОН МУЗЫКАСЫ

Қ.Жұмакенов атындағы үрлемелі оркестрдің (көркемдік жетекшісі – Никита Почиталин, бас дирижер – Дархан Рахымғалиев) «Қиыр Шығыс әуендері» атты кешінің дирижері және солисі Ресейден шақырылған дирижер, мемлекеттік «Держава» үрлемелі оркестрінің көркемдік жетекшісі және бас дирижері, кларнеттен жеке орындаушы, халықаралық байқаулардың лауреаты Кирилл Ильин болды. Концертте жапон композиторы Сатоши Ягисаваның оркестрлік шығармалары, Хаяо Миядзакидің әйгілі анимелеріне арналған Дзё Хисаиси музыкасы, «Жасырынған айдаһар, тығылған жолбарыс» фильмінен танымал шығармалар, үрлемелі оркестр сүйемелдеуімен «Менің көршім Тоторо», «Жүретін қамал», «Кикидің жеткізу қызметі», «Мононокe ханшайым», «Лапута: аспан қамалы» секілді анимелерден үзінділер орындалды.

### «САРЫАРҚА» СӘТТІБЕГІН ЕСКЕ АЛДЫ

«Сарыарқа» халық музыка ансамблінің «Қоңыр күз» аталған концерті осы ансамбльдің белді мүшесі болған Сәттібек Баяховты еске алуға арналды. Ол «Сарыарқа» халық музыка ансамблінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Нұрлан Хамзин жетекші болғанда концертмейстер қызметін атқарып, Әсет Дәненов екеуі аталмыш ансамбльге бірнеше күйді өңдеп түсірді. Өмірден ерте өткен Сәттібек Баяховты әріптестері өзіндік орындаушылық ерекшелігі бар дәулескер домбырашы, әрдайым ізденісте жүретін музыкант ретінде еске алады. Ол Нұрғиса Тілендиев атындағы және Тәттімбет атындағы байқаулардың бас жүлде иегері, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты атанып, басқа да байқауларда топ жарған еді.

Концертте халық күйлерімен қатар Ақан сері, Шалмырза, Еспай, Есір, Тілеп, Өскенбай, Әшімтай, Ықылас, Нұрғиса Тілендиев, Секен Тұрысбек, Әсет Дәненов, Жәнібек Кәрменов, Тұрсынбек Рахимов, Ержан Тоқсабанов, Тоғжан Жахин, Өскенбай сынды кешегі күйшілер мен қазіргі күйші-композиторлардың шығармалары орындалды. «Халық әні» бөлімінің әртістері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Анар Мұздаханова, мәдениет саласының үздіктері Гүлжан Мұстахимова, Қайрат Айтбаев, Алмат Сайжан мен республикалық байқаулардың лауреаты Мақсат Хамзин өнер көрсетті.

### ХАЛЫҚ КОМПОЗИТОРЛАРЫНЫҢ ТУЫНДЫЛАРЫ

«Сайра, бұлбұл» концертін филармонияның «Халық әні» бөлімі ұйымдастырды. Кеште Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова, Абай Құнанбайұлы, Әсет Найманбайұлы, Естай Беркімбайұлы, Мұхит Мералыұлы сынды халық композиторларының күйлері мен лирикалық әндері әуеледі. Мәдениет саласының үздігі Берік Омаров жүргізген кешке «Қорқыт» этноансамблі, мәдениет саласының үздіктері Данияр Мұқан мен Әйгерім Нартүйе, халықаралық байқаулардың лауреаттары Зинат Қасымова, Жақсыкелді Маясаров, Рахат Бегасылов, Нұржан Мейірхан және Сәулежан Тағзия қатысты.

www.astana-akshamy.kz

Редакция қолжазба иелерінің пікірлері мен көзқарасын бөлісуі шарт емес.

ELORDA AQPARAT

Газет ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 23.05.2018 ж. тіркеліп, №17120-Г куәлігі берілген.
Меншік иесі: «Elorda Aqparat» ЖШС

Директор – **Олжас СЫДЫҚБЕК**

Бас редактор – **Еркін ҚЫДЫР**

Бас редактордың орынбасары – **Ғалым ҚОЖАБЕКОВ**

Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300
**Тапсырыс №138**
Баспахана: Астана қаласы, Сілеті көшесі, 30-үй
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

**Редакция мекенжайы:**
010000, Астана қаласы, Достық көшесі, 13, «Нұрсая-2» ТК

**Қабылдау бөлмесі:**
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81
Тілшілер бөлімі: 42-41-03
Жарнама: 42-43-52
Va-reklama@mail.ru

**aqsham1990@mail.ru**

Кезекші редактор – **Айгүл УАЙС**